

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2022, № 2 (98)

2 /2022

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

Жауапты редактор:

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар:

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель:
Министерство Образования и науки Республики казахстан
Комитет Науки
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

Адрес редакции:
050100, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>
Тел.: +7 (727) 272-46-54.
E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно
делается ссылка на журнал.

Founder:

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Committee of Science
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board:

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

Editorial office address:

050100, Republic of Kazakhstan,
Almaty, Shevchenko str., 28
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: otanhistory@gmail.com .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,
a link to the magazine is necessarily made.

Mirgaleev M. Zolotaya Orda v mirovoi istorii [The Golden Horde in World History]. Kollektivnaya monografiya. Kazan': Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2016. S. 968. [in Russian].

Nepomnyashchii A.A. Nachalo nauchnogo etapa razrabotki istochnikov po istorii Krymskogo Hanstva: V.D. Smirnov [The beginning of the scientific stage of the development of sources on the history of the Crimean Khanate: V.D. Smirnov] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2013. №3. S. 113-142. [in Russian].

Pochekaev R.Yu. Pravo Zolotoi Ordy [The right of the Golden Horde] / Redaktor I.M. Mirgaleev. Kazan': Izdatel'stvo «Fen» AN RT, 2009. S. 260. [in Russian].

Pochekaev R.Yu. Religioznye faktory legitimatsii vlasti v Zolotoi Orde i pozdnesrednevekovykh tyurkomongol'skikh gosudarstv XV-XVIII vv. [Religious factors of legitimization of power in the Golden Horde and the late medieval Turkic-Mongolian states of the XV-XVIII centuries.] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2013. №1. S. 96-106. [in Russian].

Rudakov V.N. Mongolo-tatary glazami drevnerusskikh knizhnikov serediny XIII-XV v. Izd. 2-e, ispr. i dop. [Mongol-Tatars through the eyes of ancient Russian scribes of the middle of the XIII-XV century] M.: Kvadriga, 2014. S. 272. [in Russian].

Sultanov T.I. K istoriografii etnopoliticheskoi istorii ulusov Dzhuchi i Chagataya [On the Historiography of the Ethnopolitical History of the Jochi and Chagatai Uluses] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2017. T. 5, № 1. S. 74–92. [in Russian].

Trepavlov V.V. Gosudarstvennyi stroi Mongol'skoi imperii v XIII veke. Problema istoricheskoy preemstvennosti [The state system of the Mongol Empire in the XIII century. The problem of historical continuity]. M.: Nauka, 1993. S.168. [in Russian].

Trepavlov V.V. Istoriya Nogaiskoi Ordy [The History of the Nogai Horde]. M.: Vostochnaya literatura, 2001. S. 752. [in Russian].

Trepavlov V.V. Zolotaya Orda v XIV stoletii [The Golden Horde in the XIV century]. M.: Kvadriga, 2010. S. 72. [in Russian].

Trepavlov V.V. Stepnye imperii Evrazii: mongoly i tatary [Steppe Empires of Eurasia: Mongols and Tatars]. M.: Kvadriga, 2015. S. 368. [in Russian].

Tishin V.V. Eshche raz o soderzhanii termina Orda i kategoriyah «Zolotaya Orda», «Belaya Orda», «Sinyaya Orda» [Once again about the content of the term Horde and the categories "Golden Horde", "White Horde", "Blue Horde"] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2019. №7(2). S. 295-317. [in Russian].

Usmanov M.A. Ob osobennostyakh rannego etapa etnicheskoi istorii Ulusa Dzhuchi [About the peculiarities of the early stage of the ethnic history of the Ulus of Jochi] // Yubilejnyj sbornik izbrannykh trudov chlenov AN Respubliki Tatarstan. Kazan': Foliant, 2002. S. 85–96. [in Russian].

Usmanov M., Hakimov R. Istoriya tatar s drevnejshih vremen [The history of the Tatars since ancient times]. Tom 3. Ulus Dzhuchi (Zolotaya Orda). XIII - seredina XV v. Kazan': Ruhiyat, 2009. S.1047. [in Russian].

Hakimov R. Dolgoe srednevekov'e Zolotoi Ordy // Zolotoordynskoe obozrenie. 2013. №1. S. 5-21. [in Russian].

Hakimov R.S. K voprosu o nomadicheskoi kul'ture v Zolotoi Orde [The Long Middle Ages of the Golden Horde] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2015. №1. S. 6-32. [in Russian].

Hautala R. Ot Batu do Dzhaniybeka: voennye konflikty Ulusa Dzhuchi s Pol'shej i Vengriej [From Batu to Janibek: military conflicts of the Jochi Ulus with Poland and Hungary] // Zolotoordynskoe obozrenie. №3. 2016. [in Russian].

Cherkas B.V. Gorod Zolotoi Ordy (Ulusy zapadnee Dona). K voprosu o poyavlenii i lokalizatsii [The city of the Golden Horde (Uluses west of the Don). On the issue of appearance and localization] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2016. T. 4, №2. S. 256–271. [in Russian].

FTAMP 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2022_2_35

МӘМЛҮК КЕЗЕҢІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ «АТ-ТУХФА» ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХНАМАСЫ

Қоңқабаева Назым Нұрболатқызы^{1*}, Абдрахманова Күлсін Халыққызы¹,
Қоңқабаева Арайлым Нұрболатқызы², Аубакирова Құндызай Қыдырбайқызы³

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университет. Қазақстан, Алматы.

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. Қазақстан, Алматы.

³Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті. Қазақстан, Қызылорда қ.

*Автор-корреспондент.

E-mail: haia89@mail.ru (Қоңқабаева), agulsum@mail.ru (Абдрахманова), konkabayeva.arailym@mail.ru (Қоңқабаева)

Түйіндеме. Автор жалғыз сақталған «ат-Тухфа аз-закийя фил луғатит туркийя» қолжазбасының түпнұсқасын қолданған. Мақалада негізінен қойылатын мақсат «ат-Тухфа» қолжазбасына арналған зерттеулер тарихнамасын беріп, еңбектерде көтерілген мәселерді талдап, қорытындылау болып табылады. Мақалада Мәмлүктер билігі кезінде ортағасырда шамамен 15-16 ғасырларда Мысыр мен Сирия елдерінде жазылған «Ат-Тухфа» қолжазбасының зерттелу тарихы сипатталады. Ат-Тухфа қолжазбасының француз, түрік, өзбек, орыс тілдеріне аудармалары талданып, әр аудармаға тән ерекшеліктер берілген. Ескерткішге тән өзіндік белгілерді сипаттай келе, автор қолжазбаны зерттеген ғалымдар еңбектеріне тоқталып кетеді. Отандық, шетелдік ғалымдар тізімі беріледі. Әр ғалымның көтерген мәселелеріне ерекше назар аударылып, мысалдар келтірілген. Зерттеу барысында «ат-Тухфа» қолжазбасына ТМД, оның ішінде қазіргі таңда Қазақстанда қызығушылық көп танылып жатқанына баса назар аударылады. Түркияда Бесим Аталайдың шәкірттері ұстазының бастаған еңбектерін аяқтау мақсатында, аталмыш қолжазбаны қарастырған. Сонымен қатар, зерттеулерге жаңадан көзқарас беру үшін қайта талданған. Батыс елдерде «ат-Тухфа» қолжазбасын өздерінің тілдеріне тигізген әсері жағынан қарастырса, Отандық зерттеулерде «ат-Тухфа» қолжазбасының тілі қандай тілдік топқа жатады деген мәселелерге көбірек көңіл бөлінеді. Көптеген түркі тілдерінен мысалдар келтіріледі. Соның негізінде қолжазба тілімен салыстырылады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Мәмлүк кезеңіндегі қолжазбаларды жинақтау, аудару, талдау жасау деген мәселелер алға қойылып отыр. Мақалада да негізінен қолданылған әдіс мен тәсілдермен іспеттес.

Кілт сөздер: мәмлүк, қолжазба, ортағасыр, Түркі тілдері, лингвистикалық бірлік, қыпшақ.

**Мақала ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №АР09058201 «Иршәдул-мулук уәс-салатин» ескерткішіндегі (XIV ғ.) теолингвистикалық кеңістік» атты ғылыми жоба аясында орындалды.*

МРНТИ 03.20

ИСТОРИОГРАФИЯ ИЗУЧЕНИЯ СРЕДНЕВЕКОВОЙ РУКОПИСИ «АТ-ТУХФА» МАМЛЮКСКОГО ПЕРИОДА

Конкабаева Назым Нурболатовна^{1*}, Абдрахманова Кулсун Халыковна¹,
Конкабаева Арайлым Нурболатовна², Аубакирова Кундызай Кыдырбаевна³

¹Казахский Национальный Педагогический Университет им. Абая. Казахстан, Алматы.

²Институт Истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, Алматы.

³Кызылординский университет им. Коркыт Ата. Казахстан, г. Кызылорда

*Автор-корреспондент.

E-mail: haia89@mail.ru (Конкабаева), agulsum@mail.ru (Абдрахманова),
konkabayeva.arailym@mail.ru (Конкабаева)

Аннотация. Автор использовал единственной оригинал сохранившейся рукописи «ат-Тухфа аз-закийя фил луғатит туркия». Основная цель статьи – представить историографию исследования рукописи «Ат-Тухфа», проанализировать и обобщить вопросы, поднятые в исследованиях. В статье описывается история изучения рукописи «Ат-Тухфа», написанной в средние века в Египте и Сирии в период правления мамлюков примерно в 15-16 веках. Проанализированы переводы рукописи Ат-Тухфы на французский, турецкий, узбекский и русский языки и приведены особенности каждого перевода. Описывая особенности памятника, автор останавливается на трудах ученых, изучавших рукопись. Приведен список отечественных и зарубежных ученых. Особое внимание уделяется вопросам, поднимаемым каждым ученым, и приводятся примеры. В исследовании обращается внимание на то, что рукопись «ат-Тухфа» вызывает большой интерес в странах СНГ, в том числе и в Казахстане. В Турции ученики Бесима Аталая рецензировали рукопись, чтобы завершить работу, начатую их учителем. Он также был повторно проанализирован, чтобы обеспечить новый взгляд на исследования. На Западе рукопись Ат-Тухфа рассматривается с точки зрения ее влияния на их собственные языки, в то время как отечественные исследования сосредоточены на языковой группе рукописи Ат-Тухфа. Примеры приведены из многих тюркских языков. На основании этого его сравнивают с языком рукописи. В годы после обретения независимости поднимались вопросы сбора, перевода и анализа рукописей мамлюкского периода. То же самое относится и к методам и приемам, использованным в статье.

Ключевые слова: мамлюк, рукопись, средневековье, Тюркские языки, лингвистическая единица, кипчак.

IRSTI 03.20

HISTORIOGRAPHY OF THE STUDY OF THE MEDIEVAL MANUSCRIPT "AT-TUKHFA" OF THE MAMLUK PERIOD

Konkabayeva Nazym Nurbolatovna^{1*}, Abdrakhmanova Kulsun Halykovna¹,
Konkabayeva Arayym Nurbolatovna², Aubakirova Kundyzyay Kydyrbaevna³

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Kazakhstan, Almaty

²Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov. Kazakhstan, Almaty

³Kyzylorda University named after Korkyt Ata. Kazakhstan, Kyzylorda

Corresponding-author

E-mail: haia89@mail.ru (Konkabayeva), agulsum@mail.ru (Abdrakhmanova),

konkabayeva.arailym@mail.ru (Konkabayeva)

Abstract. The author used the only original of the surviving manuscript "at-Tuhfa az-zakiyya fil lugatit turkiya". The main purpose of the article is to present the historiography of the study of the manuscript "At-Tuhfa", to analyze and summarize the issues raised in the studies. The article describes the history of the study of the manuscript "At-Tuhfa", written in the Middle Ages in Egypt and Syria during the reign of the Mamluks around the 15th-16th centuries. The translations of the manuscript of At-Tuhfa into French, Turkish, Uzbek and Russian are analyzed and the features of each translation are given. Describing the features of the monument, the author dwells on the works of scientists who studied the manuscript. The list of domestic and foreign scientists is given. Particular attention is paid to the issues raised by each scientist, and examples are given. The study draws attention to the fact that the manuscript "at-Tuhfa" is of great interest in the CIS countries, including Kazakhstan. In Turkey, students of Besim Atalay reviewed the manuscript to complete the work begun by their teacher. It has also been re-analyzed to provide a new perspective on research. In the West, the At-Tuhfa manuscript is considered in terms of its influence on their own languages, while domestic research is focused on the language group of the At-Tuhfa manuscript. Examples are given from many Turkic languages. Based on this, it is compared with the language of the manuscript. In the years after independence, questions were raised about the collection, translation and analysis of manuscripts from the Mamluk period. The same applies to the methods and techniques used in the article.

Key words: Mamluke, manuscript, medieval, the Turkic languages, linguistic unit, Kipchak.

Кіріспе. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері Отан тарихын қайта қарастыру мақсатында «Мәдени мұра» және «Халық тарих толқынында» бағдарламалары аясында көптеген оқулықтар, еңбектер жазылып, тарихымыз қайта зерттелуде. Міне, осы бағдарламалар шеңберінде еліміздің ортағасыр кезеңі туралы тың деректер беретін қыпшақ тілді қолжазбалар да өзінің құнды тілдік, тарихи мәліметтер негізінде өз үлестерін қоспақ. Осындай ескерткіштердің қатарында Мәмлүктіктер билігі тұсында Мысыр мен Сирия елдерінде жазылған қолжазбаларды айтуға болады. Оның ішінде XIV-XV ғасырлар тоғысында жазылған, авторы белгісіз болғанымен, Мысыр мен Сирия елдерінде туындаған «Ат-Тухфа аз-закія фил луғатит туркийя» қолжазбасы біздің зерттеу нысанымыз болмақ. Аталмыш қолжазбаның зерттелу тарихнамасына кеңірек тоқталамыз.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында негізгі материал ретінде араб және қыпшақ тілдерінде жазылған «Ат-Тухфа (التركية في اللغة التركیة - Түркі тіліндегі бағалы сыйлық, XV ғ.)» қолжазбасының (жалғыз түпнұсқасы Сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді кітапханасында (Бістамбұл, Түркия) №3092 нөмірімен сақтаулы) түпнұсқасының фотокөшірмесі пайдаланылды. Сонымен қатар, Х. Кунның Лейден университетінің кітапханасында сақтаулы 1942 жылы баспадан шыққан «La langue des kiptshaks» атты фотокөшірмесінің көшірмесі 1945 жылы Бесим Аталайдың «Тық дилінде теміз (Түрік тіліндегі таза тіл)» атты еңбегінің көшірмесі, 1968 жылы «Ат-Тухфа» Салих Муталибовтың «Туркий тил (қыпшақ тили) хаккида ноёб тухфа» атты еңбегінің «Ғылым Ордасы» кітапханасында сақтаулы көшірмесі, ҚР Ұлттық кітапханасында сақтаулы М.Т. Зияева мен Э.И. Фазыловтың «Изысканный дар тюркскому языку» атты еңбектің көшірмесі қолданылды.

Мақалы жазу барысында деректанулық, палеографиялық және өңдеу, сұрыптау, аудару тәсілдері қолданылды.

Талдау. Ортағасырлық қолжазбаларды зерттеу бойынша отандық (Ә. Құрышжанов, Р. Сыздық, Ә. Дербісәлі, А.З. Рүстемов, М.Н. Маженова, Б. Сағындықұлы, Ш. Шарапатұлы, Т.А. Арынов, Ә. Керімов, Ә. Ибатов, М.Б. Сабыр, С.Дүйсенов, З.А. Әуезова, Б.Н. Жұбатова, Қ. Садықбеков, Б. Атабай, Ш.С. Қалиева, Б.М. Сүйерқұл) және шетелдік ғалымдардың (Х. Кун, Б. Аталай, С.М. Муталибов, А. Зайончковский, Э.Н.

Наджиб, Э.И. Фазылов, М.Т. Зияева, А.И. Чайковская, Р. Эрмерс), қазіргі түркі тілдерінің генеалогиялық классификациясы (Н.А. Баскаков), көне түркі ескерткіштерінің тілі және руникалық жазулар (С.Е. Малов), түркі тілдерінің құрылымдық тұрғыдан жан-жақты зерттелуі (Э.С. Севортьян, Н. Гаджиева, А.М. Щербак), қазақ лингвистерінің түркологиялық зерттеулері (Ә. Құрышжанов, Р. Сыздық, М. Томанов, Ғ.Айдаров, Б. Сағындықұлы, Ә.Т. Қайдар, М.Б. Сабыр, Р.Ә. Авакова, Б.М. Сүйерқұл, Қ. Садықбеков, Г. Қортабаева), көне және ортағасырлық қолжазбаларындағы ономастикалық кеңістік (Т. Жанұзақ, В.У. Махпиров, Р.Н. Шойбеков, Г.Б. Мәдиева, С.Қ. Иманбердиева, Қ.Ф. Аронов), ғалымдардың еңбектерінің әдіснамасы басшылыққа алынды.

Зерттеу нәтижелері. Қазіргі уақытта Түркияның кітапханаларында 60 000-ға жуық түрік қолжазбалары бар, оның ішінде бірнеше шығармалардан тұратын қолжазбалар да бар. Түркияның кітапханаларының бас басқармасына қарасты кітапханаларында 28 106 түрік тілінде, 129 121 араб тілінде, 8 776 парсы тіліндегі қолжазбалар бар. Бұл сандар басқа басқармаларға қарасты кітапханалардағы бір жұмыстан көп және түрік қолжазбалары бар қолжазбаларды қоспайды. Ыстамбул университетінің кітапханасында түрік тілінде 9941, араб тілінде 6963, парсы тілінде 1615 қолжазба бар. Топкапы сарайы мұражайының кітапханасында 3088 түрік тілінде, 9043 араб тілінде, 939 парсы тілінде қолжазба бар. Бұл жоғарыда аталған екі кітапханадағы түрік қолжазбаларын қосқанда барлығы 41 135 түрік тіліндегі қолжазбаны құрайды. Каирдегі (Мысыр Араб Республикасы) Дар әл-Кутубта шамамен 5000 түрік қолжазбасы бар. Бұл көрсеткіш Париждегі (Франция) Ұлттық библиотека үшін де шамамен бірдей. Британ (Ұлыбритания) кітапханасында, Честер Битти кітапханасында (АҚШ), Ватикан, Берлин (Германия) және Санкт-Петербург (Ресей Федерациясы) кітапханаларында, сондай-ақ Еуропаның көптеген басқа кітапханаларында көптеген түрік қолжазбалары бар.

«Ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати»– "التحفة الزكية في اللغة التركیة" (бұдан кейін «Ат-Тухфа» деп беріледі) қолжазбасы ғылымда 1922 жылдан мәлім (التحفة الزكية في اللغة التركیة). Алғаш рет қолжазба Түрік ғалымы М.Ф. Көпрүлінің «Kıçğısı Csoma Archivum» атты мақаласы арқылы түркітануда танымал болған (Atalay, 1946). Мақалада автор қолжазбадан бірнеше сөздерді теріп алып, мысалға келтірген. «Китаб ал-Идрак», «ал-Қауанин» қолжазбаларынан кейін тұрған қолжазба екендігін атап кеткен. Қолжазбаның түпнұсқасы Ыстамбұлдағы (Түркия) Сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді кітапханасында №3092 нөмірімен сақтаулы. Түпнұсқаның көшірмесі жоқ, тек жоғарыда аталып кеткен нұсқа ғана сақталған. Қолжазбаның түрік тіліне аудармасын алғаш рет Шамсеттин Сами жасағанымен, аударма жарыққа шықпай қалған. «Ат-Тухфа» ескерткішінің 4 тілде ғана аудармасы бар:

1) 1922 жылдан бері ғылыми жұртшылыққа танымал бола бастаған. Қазіргі күнге дейін төрт тілдегі аудармасы ғылыми айналымға енді. Француз тіліне Х. Кун (1942 ж.), түрік тіліне Б. Аталай (1945 ж.), өзбек тіліне С. Муталибов (1968 ж.) және орыс тіліне М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов (1978 ж.) аударған. Аудармалар XX ғасырдың II жартысында жасалғанымен, өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Француз тіліндегі аудармасы сақталмаған, тек екінші бөлімінің фотокошірмесін ғана табуға болады. Фотокошірмесінің парақтары кішірек, жұмыс істеуге қолайсыз. Ондаған жылдар бұрын жасалған фотокошірменің парақтары сарғайып, ескіріп кеткен.

2) Б. Аталай түрік тіліне «*Türk dilinde temiz*» атты аудармасының кіріспесінде қолжазбаның жазылған уақыты, авторы, мекені туралы мәліметтер береді. Аударманың ұтымдылығы осында, себебі Б. Аталай тек аударма ғана жасамай, палеографиялық жұмыс нәтижесін, аударма жасаған кезде аз ғана деректерге мән беріліп, болашақ зерттеушілерге нұсқау берген. Аударманың екінші бөліміндегі «Арабша-қыпшақша сөздікке» келер болсақ, Б. Аталай бірінші араб тіліндегі нұсқасын, сосын қыпшақ тіліндегі нұсқасын латын графикасымен және түрік тіліндегі қазіргі атауы өзгеріске ұшыраған сөздердің аудармаларын жақша ішінде беріп отырған. Мысалы, ارق – kök (gök, mavi) (Atalay, 1946: 6).

Аудармада көрсетілген парақ беттері қолжазбаның түпнұсқасымен сәйкес келмейді. Аударманың соңында Б. Аталай қолжазбаның фотокошірмесін берген. Қыпшақ тіліндегі сөздерді арабша берілген нұсқасымен тура бермеген, қыпшақ тіліне тән фонетикалық ерекшеліктермен көрсеткен. Мәселен, *erçi* (تۈپنۈسۈقاداғы арабша варианты берілмеген) Т.А. Арынов осылай беруін «жұмыстың артықшылығы» деп көрсетсе, нидерландық ғалым Р. Эрмерс керісінше, «латиницамен берілген сөздерді арабша нұсқасына қайта келтіруге болмайды деп мұны жұмыстың кемшілігі ретінде қарастыру керек» деген. Р. Эрмерс араб тіліндегі нұсқасы берілмесе, транскрипцияны қайта қалпына келтіруге болатындай етіп жазу керек деген принципті ұстанған.

3) С. Муталибовтың аудармасы «*Туркий тил (кыпчак тили) хаккида ноёб тухфа*» деген атпен ғылымда белгілі. Аударманың ұтымдылығы араб тіліндегі нұсқалары беріліп, өзбек тіліне аударылған. Алайда аударманың ең үлкен кемшілігі 16 бет, 660 сөз түсіп қалған. Өзбек тіліндегі нұсқаның артықшылығы «Арабша-қыпшақша сөздікте» берілген араб тіліндегі сөздер араб графикасымен түзілген.

4) Ескерткіштің орыс тіліне жасаған аудармасын М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов «*Изысканный дар тюркскому языку*» деген атпен 1978 жылы басып шығарған. М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов жұмыста тек қолжазбаның аудармасы ғана емес, сонымен қатар ғылыми ортада белгілі қолжазба авторы, жазылған

жері мен уақыты туралы пікірлер мен болжамдар жазып кеткен. «Арабша-қыпшақша сөздік» бөлімін 36 лексика-семантикалық топқа бөліп, ғалымдар сол сөздікте берілген сөздердің арасынан басқа тілден енген сөздерді бөліп кеткен. Орыс тіліне жасалған аударманың да кемшілік тұстары бар. Бұл нұсқадағы арабша-қыпшақша сөздіктің араб тіліндегі сөздері кириллицамен берілген. Өзбек тіліндегі аудармада да араб графикасы берілсе, одан кейін жасалған орыс тіліндегі аудармада араб графикасымен беру мүмкіндігі болғанымен, аудармашылар тарапынан араб графикасымен терілмеген. Орыс тіліндегі аудармада қолжазбаның арабша-қыпшақша жазылған еңбек екендігі ескерілмеген.

«Ат-Тухфа» қолжазбасы 91 парақтан тұратын, насх жазу үлгісінде жазылған авторы белгісіз еңбек болып табылады. Қолжазба қысқаша фонетика, арабша-қыпшақша сөздік және грамматика бөлімдерінен, жалпы 64 бөлімнен тұрады. Қазіргі күнге дейін өте жақсы сақталған қолжазбалардың бірі. Ескерткіште синонимдер, омонимдер де түзілген. Автор өзі белгілеген араб, қытай, парсы тілдерінен алынған кірме сөздер де бар. Қолжазба араб графикасымен жазылғанымен, араб тіліне тән емес, яғни ескерткіш тілінің табиғатына сай бірнеше қосымша әріптер берілген.

«Ат-Тухфа» қолжазбасы қыпшақ тілін үйрену үшін араб тілді халықтарға арналған еңбек болып табылады. Автор қолжазбаны қыпшақ тілін қолданғанымен, түрікмен тілінен де мысал келтіріп отырған. Ортағасырда мәмлүктер билігі тұсында қыпшақ тілі түрікмен тілімен, сонымен қатар тайпааралық вариантты сөздермен аралас қолданылған. Қолжазбаны зерттеген ғалымдар еңбегіне тоқтап кетейік.

ТМД елдеріндегі зерттеулер. Түрікмен ғалымы З.Б. Мухамедова XI-XIV ғасырлардағы түрікмен тілінің тарихын зерттеу барысында бірнеше ортағасырлық еңбектерді қарастырып кеткен. Олардың қатарында «Ат-Тухфа» ескерткіші де бар, себебі ескерткіште «قيل [qila]» «айтылған» деген сөзден кейін түрікмен тіліндегі нұсқалар көрсетілген. Мысалы, كوك اور [kūkawur] – құмған [1, 4а-4б], برونج [birinč] – күріш [4б], قاقتی [qāqtı] – ашулану [5б], بلكندی [bekindı] – таң қалу [6а] және т.б. Міне осы сөздерді, грамматикалық формаларын, етістіктерді зерттеп, түрікмен тілінің тарихында «Ат-Тухфа» ескерткішінің рөлі ерекше деп айтқан (Дисс.: Сүйеркүл Б.М.). Мәселен, М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов сынды ғалымдар түрікмен сөздерінің қолжазбада берілген саны – 167 дейді (Изысканный дар тюркскому языку, 1978: 71).

Сонымен қатар, ғалым А.И. Чайковская өзінің «Тюркская грамматика в арабоязычных филологических трактатах XIII – XIV вв. (Глагол)» атты еңбегінде ортағасырлық төрт филологиялық еңбекке тоқталып кеткен: 1. «*Kitāb majmū' tarjūmān turkī wa 'ajamī wa mū'ulī*»; 2. «*Kitāb ḫilīyat al-insān wa ḫalbat al-lisān*»; 3. «*Kitāb al-idrāk li-lisān al-atrāk*»; 4. «*Kitāb at-tuḫfat az-zakiyyat fī-l-luḡat at-turkiyyat*» (Чайковская, 1981).

Әрбір ескерткішке жеке-жеке тоқталып, зерттелу тарихы, авторы, жазылған уақыты мен мекені туралы баяндаған. Ғалым А.И. Чайковская «Ат-Тухфа» ескерткішінің француз, түрік, өзбек, орыс тілдеріне жасалған аудармаларын беріп әрі ескерткіш авторы түркі халқынан шыққан, араб тілінің грамматикасын жетік білмейді деген пікірлерді айтады (Чайковская, 1981: 4). «Ат-Тухфа» ескерткішінің толық лексикалық материалы А.И. Чайковская зерттеуінде талданбаған. Тек автордың зерттеу тақырыбы етістік сөз табы болғандықтан, қолжазбадан етістіктер ғана беріліп, талданған (*раққиб, байишд, чактир* және т.б.) (Чайковская, 1981: 42).

Ескерткішті лингвистикада зерттеуге арналған материалдардың қатарына О. Прицак жүргізген XIII-XVII ғғ. қыпшақ тілі ескерткіштерін салыстырмалы зерттеуін қосуға болады, ғалым өз зерттеу жұмысында араб және араб тілді ғалымдар еңбектеріне шолу жасаған (Изысканный дар тюркскому языку, 1978: 8).

Э.Н. Наджип Мысырда мәмлүк кезеңіндегі қыпшақ-оғыз әдеби тіліне арналған еңбегінде қолжазбаны аталған кезеңнің жазба ескерткіші екендігін атап кеткен. Әрі лексикалық материалдары мен аударма дәлдігіне қарап, Э.Н. Наджип «Ат-Тухфа» еңбегін Абу Хайанның еңбегінен жоғары бағалайды (Наджип, 1975).

Татарстан ғалымы А.Р. Рахимованың 2016 жылдың 25-27 мамырында өткен III Халықаралық Түркі Әлемі Зерттеулері Симпозиумында «XIV уу. Кірзак Търкзесине Айт “Kitab-et-tuhfet üz-zekiye” Eserinin Sıçvarlığı ve İnsanı Nitelendirme Kelimeleri (XIV ғасырда қыпшақ тілінде жазылған «Китаб-ет-Тухфет үз-зекийе» атты жәдігердегі адамның қасиеттерін сипаттайтын лексика)» атты мақаласы жарияланған. Мақалада автор адамның мінез-құлқына байланысты лексемаларды талдап, 130 бірлік жинастырған. Оның ішінде отызға жуық лексемаларда ғана оғыз элементі бар екен. Осы сөздер өз кезегінде татар тілінде қазіргі кезде қолданыста жүргенін айтады (Рахимова, 2016: 21-16).

Сонымен қатар, Татарстан ғалымы Г.Ш. Гайнутдинова өзінің «Историко-лингвистический анализ тюрко-татарского письменного памятника XIV века Джамал ад-Дина ат-Турки «Китабу булгат ал-муштак фи лугат ат-турк ва-л-кифчак» атты кандидаттық диссертациясында «Ат-Тухфа» қолжазбасын Мысырда жазылған араб ғалымдарының қолжазбаларының тізіміне қосады (Гайнутдинова, 2005).

Түркітануда «Ат-Тухфа» қолжазбасы бойынша қорғалған диссертациялық еңбектер соңғы 15 жылдың ішінде жазылса да, қолжазбаның жазылған жері, мекені, қолжазбаның авторы жайлы көптеген даулы мәселелер көп.

Шет елдерде жасалған зерттеулер. Түрік ғалымдары негізінен өздеріне дейін жазып кеткен ғалымдар еңбектерінің библиографиясын қарастырған. Мәселен, Ахмет Туран Синан қыпшақ тіліндегі қолжазбаны зерттеген ғалымдар еңбектерінің тізімін жазып шыққан. «Қыпшақ түрікшесі библиографиясы» деп аталатын бұл еңбекте жалпы 2010 жылға дейінгі қарастырылған қолжазбалар енгізілген. Тізімде «Ат-Тухфа» қолжазбасы да бар. Жоғарыда қарастырылған үш түрлі нұсқа: түрік, француз, орыс тілдеріндегі аудармаларын атап кеткен (Ahmet Turan Sinan, 2000: 421-425).

Түрік ғалымы Муса Салан «Et-tuhfe ve onun Müellifi «Ат-тухфа және оның авторы» атты мақаласында Т. Халаш-Кунның еңбегінің негізінде «Ат-Тухфа» қолжазбасы жайлы мәліметтер беріп, қолжазбаның авторы кім болуы мүмкін деген сұрақ бойынша ғылымда бар болжамдарға тоқталған. Жұмысында «Китаб ал-Идрак ли-лисан атрак» атты еңбекті де атаған. Мақаланың соңында қолжазбаның бірнеше көшірмелерінен үзінді берілген (Salan, 2012: 185-195.).

Сонымен қатар, Жан Өзгүрдің «Kırçak sahasına ait sözlük ve kaynaklarda at ve atçilikla ilgili terminoloji (Қыпшақ тіліндегі сөздіктер мен ресурстарда берілген ат және ат әбзелдеріне байланысты терминология)» атты мақаласында ортағасырлық қолжазбалардан атқа қатысты лексикалық бірліктерге талдау жасалған. Ортағасырлық қолжазбалардың қатарында «Ат-Тухфа» ескерткіші де бар (Can Çzğy, 2009: 891-905).

А. Зайончковский де «Мәмлүктер билігі кезеңінде жазылған араб-қыпшақ сөздіктері жайында кейбір ескертпелер» атты мақаласында қолжазба туралы айтып кеткен (Изысканный дар тюркскому языку, 1978: 52). Қолжазбаны мәмлүктер билігі тұсында жазылған филологиялық еңбектер қатарында атап отырып, «Ат-Тухфа» ескерткішінің жазылған уақыты мен жазылған жері туралы ғалым өз пайымдауын білдірген. Сирияда жазылған деген пікірді келтірген. Пікірін дәлелдеу мақсатында қолжазбада кездескен сириялық диалектіде берілген сөздерді мысалға келтірген.

Нидерланды ғалымы Роберт Эрмерс өзінің «Turkic forms in Arabic structures» атты еңбегінде XIV ғасырда жазылған қолжазбаларға қысқаша түрде тоқтап, сипаттама беріп, 10-ға жуық ортағасырлық ескерткіштерге ғылыми талдау жасаған. Мәмлүк дәуірінде жазылған қолжазбалар қатарында, ғалым Х. Кун фотокөшірмесінің негізінде «Ат-Тухфа» қолжазбасының ескерткіштің сақталған жері, зерттелу тарихы жайлы құнды мәліметтер береді. Мәселен, «The author of Tuhfa does not refer to any direct sources for his work, but he mentions the name of Abu Nauyan al-Andalusi, and he quotes his principles with regard to the three basic components of the study of language, namely lexicology, morphology and syntax (Кітаптың авторы еңбектің жазылуына негіз болған бірде-бір еңбекті атамайды, бірақ Абу Хайан ал-Андалусиді, әрі оның тілді үйренудің негізгі үш сөз табын атап кетеді, яғни лексикология, морфология және синтаксис)» (Ermers, 1999: 28). Негізгі дереккөздер негізінде араб тілінің грамматикасымен салғастырмалы талдау жасаған. Фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктері сарапталған. Осы талдауларға ортағасырлық еңбектерден мысалдар келтірген. Мысалы: «Tuhfa gives yet another point of view, which probably relates to the Uygur orthographic tradition (Тухфа еңбегінде Ұйғыр тілінің орфографиялық дәстүрі бойынша басқа пікірді жазып кетеді):

“Know that there are no signs for short vowels and the lack of it much confusion occurs. Thus, they set up a rule for all nouns, verbs and particles alike in order to write without vocalization and without confusion (Қысқа дауысты дыбыстардың белгілері жоқ екенін және оның жоқтығынан шатасулардың көп болатынын біліңіз. Осылайша, олар шатаспай жазу үшін барлық зат есімдерге, етістіктерге және қосымша сөздерге дауысты әріпті жазбай, бірдей ереже қойды) (Ermers, 1999: 87).

Америкалық ғалым Мария Мина Лазареску-Зобан (Lăzărescu-Zobian Maria Mina) өзінің «Kırçak Turkic loanwords in Romanian (Румын тіліндегі қыпшақ-түркі кірме сөздері)» атты докторлық диссертациялық жұмысында әртүрлі жазу үлгілерінде берілген қыпшақ тіліндегі ескерткіштерді талдап, мәмлүк кезеңінде араб графикасымен жазылған ескерткіштерге де, оның қатарында «Ат-Тухфа» қолжазбасына да тоқтап кеткен. «Ал-Қауанин» мен «Ат-Тухфа» ескерткіштерінің фонетикалық қырлары бірдей, Шығыс қыпшақ түркі қолжазбаларымен үндес делінеді:

The Mamluk documents are of equal interest for the study of the Kırçak elements in any language, including Rumanian. Not only do they provide valuable linguistic information, but some glossaries are classified per materials instead of alphabetically. This gives the reader both a clear picture of the type of items of culture borrowed, and important materials for the study the civilization of Turks (Lăzărescu-Zobian, 1982: 21) (Мәмлүк құжаттары кез келген тілдегі, соның ішінде румын тіліндегі қыпшақ элементтерін зерттеу үшін бірдей қызығушылық тудырады. Олар құнды лингвистикалық ақпаратты беріп қана қоймайды, сонымен қатар кейбір глоссарийлерді әліпби бойынша емес, материалдар бойынша жіктелінген. Бұл оқырманға алынған мәдениет түрлерінің нақты көрінісін де, түріктердің өркениетін зерттеуге арналған маңызды мәліметтерді де береді).

Халаш Кун пайымдаған бұл ұқсастық тек лингвистикалық жаңалық қана емес, 1387-1517 жылдар арасында Мысырды билеген Мәмлүк сұлтандарының этникалық құрамын анықтауға мүмкіндік береді. Қыпшақ тілінде жазылған Мәмлүк сұлтандарының бұйрықтары, араб және парсы тілдеріндегі шығармалар аударылды. Мәмлүктер тұсында Мысыр, Сирия мен Йемен елдері «Түркі мемлекеті» деген

бейресми атауға ие болған. Араб графикасындағы қолжазбалардың ерекше тұстары да талданған (Lăzărescu-Zobian, 1982: 77-85). Ғалым Мариана Мина Лазареску-Зобиан өзінің диссертациясында А. Зайончковский, Х. Кун, А.М. Щербак сынды ғалымдар еңбектеріне сілтеме жасаған.

Қазақстандағы зерттеулер. Қазақ ғалымдарының ішінен алғаш болып, қолжазба туралы ғылымда сөз қозғаған белгілі қыпшақтанушы ғалым – Ә. Құрышжанұлы. Оның қолжазба туралы алғашқы еңбегі 1972 жылы Қазақ Совет Энциклопедиясында жарияланған (Қазақ Совет Энциклопедиясы, 1972).

Еңбектерінде «Ат-Тухфа» ескерткішінің қазақ халқының тарихында үлкен рөл атқарғандығын, еңбектің қазақ тіліне ең жақын қыпшақ тілінің қолданысы жайлы орта ғасыр еңбектерінен мол мәлімет беретіндігіне зор мән береді. Ә. Құрышжанұлы қолжазбада 3000 -дай қыпшақ сөздерімен қатар, түрікмен, татар, қарлұқ тілдерінен де мәліметтер келтірілген деген пікір айтқан. «XIV ғасырда Мысыр елінде араб грамматикасының үлгісімен жазылған еңбек» деген. Түрік және өзбек тілдеріндегі аудармасын атап кеткен. Зерттеулерінде осы аталған ескерткішке арнайы тоқталмаса да, «Язык старокыпчакских письменных памятников XIII-XIV веков» тақырыбында жазған докторлық диссертациясында ортағасырлық қыпшақ тіліндегі ескерткіштерден, соның ішінде, «Ат-Тухфа» қолжазбасынан да тілдік фактілер талданған.

М. Томанов «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» атты оқулықта салыстырмалы фонетика және грамматика бойынша «Ат-Тухфа» еңбегіне сүйенген. Руналық жазулар кезінен жазба деректерді салыстырып, ортағасырлар кезеңінен бірнеше қолжазбалар, соның қатарында «Ат-Тухфа» қолжазбасының лексикалық бірліктерін талдаған. Мәселен, кейбір сөздерде *н* дыбыс ауысуын байқауға болады: «Ат-Тухват» - *сүзүк*, «Абухайиан» *сүңүк*, «М.Қ.» - *сөңүк*, қазақ - *сүйек* (Томанов, 2010).

Т.А. Арынов «Лексико-семантические и стилистические особенности языка старокыпчакского памятника «Китаб ат-тухфа аз-закийа фил-луга ат-туркийа» атты кандидаттық диссертациясын «Ат-Тухфа» ескерткішінің лексикасына арнаған (Арынов, 1983). Ғалым жұмысының бірінші бөлімінде Б. Аталай жасаған фотокошірмен жұмыс істегендігі жайлы айтып кеткен. Еңбекте осы ескерткішке жасалған үш негізгі аудармаға тоқталып, оларды салыстырып, талдау жасайды. Әр аударманың артықшылығы мен кемшіліктерін көрсетеді. Мәселен, түрік, өзбек, орыс тілдеріндегі аудармаларда бір сөздің оқылуы әртүрлі берілген, яғни транскрипциясы бір-бірімен сәйкес келмейтінін көрсетеді. Т. Арынов салыстырмалы түрде 2-кестеде көрсеткен (Арынов, 1983: 29).

Мысалы:

Кесте 2 - Үш тілдегі аударманың түпнұсқамен салыстырмасы

Түп нұсқа:	Беті:	Б. Аталай:	Беті:	С. Мугалибов:	Беті:	М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов:	Беті:
كَاكْتَمَ كْ	50a	ketmek	86	кэтмак	217	катмак	324
يُوكُورُ	12a	yügür	22	Іугур	206	иугур	316
يُوكَانُ	31б	yügen	61	Іукан	206	иуган	316
إِلْأَدَى	26a	eyledi	50	аІадІ	174	айладІ	272
كِرْبِكْ	20б	kirpik	39	кІрпІк	219	кирпик	325
نَاكَا	50б	nege	73	нэга	235	нага	351
اورُو	12б	uvru	23	увру	366	ору	356
كَوَدَالَى	32б	kevdeli	63	гавдаІІ	192	гавдали	289
تَوُمَاوُ	4a	tumaw	7	тумав	264	тумав	393
تَوَيْمَا	18a	tüyme	35	туІма	263	туйма	384
إِرْتَا	19a	erte	36	-	-	ирта	299
يَال	3a	yel	4	Іэл	201	йал	309
يَالْدَى	38a	yeldi	72	Іэлді	201	йал (ді)	310

Екінші кестеге шолу жасайтын болсақ, бірінші сөзде созылыңқы а әрпі берілген. Араб тіліндегі дауысты әріптердің бұл ерекшелігі үш автордың жұмысында да көрсетілмеген. Кестеде берілген сөздердің түрік, өзбек, орыс тілдеріндегі аудармаларында созылыңқы әріптерді транскрипцияда бермеген. Сол себептен де, бұл сөздерді араб тіліне қайта қалпына келтіруге болмайды. Бұл өз кезегінде түпнұсқамен сәйкессіздігінің анық белгісі болып табылады. Т.А. Арынов осы сәйкессіздіктер аталмыш аудармалардағы ең үлкен кемшіліктердің бірі деп сынға алған.

Т.А. Арынов ескерткіштегі сөздерді 26 мағыналық топқа бөледі. Мысалы: астрономиялық атаулар, құрылыс атаулары, туыстық атаулар, пайдалы қазбалар және т.б. Т.А. Арынов ескерткішті М. Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрік» сөздігімен салыстырып, кірме сөздерді анықтаған. Қолжазбадағы синоним, антоним, омоним, диалект сөздердің реестрін жасаған. Кірме сөздер қатарын да тізіп кеткен. Кірме сөздер қатарына араб және парсы, қытай және монғол, грек тілдерінен мысалдар келтірген.

«Ат-Тухфа» ескерткішінде қыпшақ тілінен өзге татар, түрікмен тілдерінен сөздер қатары да берілген. Т.А. Арынов сөздікте тек бір ғана қыпшақ тілі ғана емес сонымен қатар өзге екі түркі тілдес тілден берілген сөздерді де талдап кеткен. Ғылымда алғаш рет, қыпшақша-қазақша сөздіктің тізбесін береді. Өкінішке орай, автор сөздігі тек қосымша ретінде, диссертация көлемінде қалған.

Т.А. Арыновтың «Арабша-қыпшақша» сөздігі құнды еңбек болса да, жеке кітап ретінде баспадан шығарылмаған. Автор еңбекке лексика-семантикалық және лексикографиялық ғылыми талдау жасап, «Ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати» ескерткішінің тілі ортағасырлық қыпшақ тілі, түркі тілдерінің ішінде қазақ тіліне жақын, әрі сөздіктегі сөздер қазақ тілінің 75-80% құрайды деген тұжырымға келеді (Арынов, 1983: 8, 79).

Кез келген ортағасырлық ескерткіш кірме сөздермен тілдің лексикалық қорын толықтырып отырған. Мысырдағы мәмлүк жазған шығармада моңғол тілінен енген сөздер көп болса, ал шығыс түркілерінің еңбектері араб және парсы тілдерінен енген сөздерімен толыққан. «Ат-Тухфа» ескерткішінде де кірме сөздер бар. Алайда басқа ортағасырлық ескерткіштермен салыстырсақ, аталмыш қолжазбада кірме сөздер қатары аз. Мәселен «Хұсрау мен Шырын» - 22,3%; «Мухаббатнаме» - 24,8%; «Гулстан» - 45,3%; «Түркі-моңғол сөздігі» - 45,3 %; «Ат-Тухфа» - 0,4 % (Арынов, 1983: 60).

Сонымен қатар, Т.А. Арынов «Ат-Тухфа» қолжазбасын зерттеп, талдай отырып төмендегідей нәтижелерге жеткен (Арынов, 1983: 143-145):

«Ат-Тухфа» қолжазбасы таза, аралас емес қыпшақ бұтағындағы тілдерге ортақ қыпшақ тілінде жазылған. Себебі еңбекте тек араб тілінен – 15, парсы тілінен – 60, татар тілінен – 5, басқа диалектіден – 10, түрікмен тілінен – 160 сөз кездеседі. Басқа тілдердің үлесі қолжазба лексикасының 6-7%-ын құрайды. Қолжазбада берілген лексемалардың жалпы саны – 3584.

- лексикалық бірліктері көптеген басқа ортағасырлық сөздіктерде кездеспейді. 500 синоним, 230 омоним, 58 антонимдер тізбегі анықталған;

- лексика жалпы ортақ және арнайы кәсіби сөздер деп бөліп қарастырған.

«Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика» ғылыми басылымы «Алдоңғар» Мәдениетті дамыту қорының «Қазақ тегі» жобасының аясында «Қазақ тілінің шығу тарихы» сериясы бойынша профессор Б. Сағындықұлының басшылығымен шыққан екінші кітабының Алтын Орда мемлекеті ыдыраған тұстағы көне қазақ тілінің жазба дереккөздері (XI-X ғғ.) (Қыпшақ тілі және жазба ескерткіштері жайында) атты бөлімі «Ат-Тухфа» қолжазбасының зерттелу тарихы мен ғылыми сипаттамасына арналған. Қолжазбаның ғылымда белгілі аудармалары жайлы жазылған.

Сонымен қатар, ескерткіш тілінің лексика-семантикалық және стилистикалық ерекшеліктерін атап кеткен. Қолжазбаны зерттеген ғалымдар еңбегін талдаған. «Ат-Тухфаның» авторы, жазылған жері мен уақыты жайлы ғылымда белгілі пікірлерді саралай келе, ғылыми басылымның авторлары жәдігерді XIV ғасыр туындысы деген пікірге келеді. Қолжазбаның фонетика, лексика, грамматикаға арналған үш бөліміне қысқаша тоқтаған.

Негізінен фонетикалық ерекшеліктерін қазіргі қазақ тілімен салыстыра отырып,

1) фонетикалық тұлғасы да, мағынасы да қазақ тілімен толық сәйкес келетін сөздер;

2) қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда бір дыбысында өзгешілігі бар сөздер;

3) қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда екі дыбысында өзгешілігі бар сөздер;

4) қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда үш дыбысында өзгешілігі бар сөздер;

5) қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда үштен көп дыбысында өзгешілігі бар сөздер;

6) қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда сыртқы пішінінде өзгешіліктер болғанымен, мағынасы толық сәйкес келетін сөздер;

7) үнемдеу заңының ықпалынан, метатеза, сіңісу, жылысу, ығысу құбылыстарының әсерінен пайда болған фонетикалық өзгерістер деп бірнеше тараушаларға бөліп қарастырған (Қазақ тілінің шығу тарихы, 2012).

Қазақ ғалымдарының ішінде соңғы жылдары «Ат-Тухфа» ескерткішіне арнайы зерттеу жұмысын арнаған Б. Сүйеркүл. «Ат-Тухфа... ескерткіші /XIV ғ./ тіліндегі етістік категориялары (тарихи-салыстырмалы талдау)» атты кандидаттық диссертациясында аталған ескерткіштегі етістік категориясын талдаған (Сүйеркүл, 1999).

Ескерткіш туралы жазбастан бұрын, зерттеуші Б. Сүйеркүл XIV-XV ғасырлардағы тарихи-мәдени жағдайларды сипаттаған. Өзіне дейінгі зерттеулерге сипаттама беріп, «Ат-Тухфа» ескерткішінің тарихын баяндаған. Еңбектің жазылу орны мен уақыты, авторы туралы ғылымда бар болжамдарға тоқталған. Негізінен сөздікпен жұмыс жасап, етістіктің грамматикалық категориясы, яғни етістік түрлері, шақ, жақ, етіс категориялары қарастырылған.

Мәселен, сабақты етістіктер туралы тарауында сабақтылық көрсеткіштері ретінде 13 аффикс аталып, мысалдар берген: *миндир, башлат, ичир, қаңирт, дадирт, чактир, тиргиз, кийир, өткар, имиз, улгат, йатқыр, тургуз* және т.б. (Сүйеркүл, 1999: 103-104).

Мәмлүктердің шығу тегі бойынша ортақ монографиялық жұмысты да атап кету керек. Еңбекте мәмлүктердің пайда болуы, соғыс өнері және тілі туралы көптеген зерттеулерден дәйектемелер келтіреді. Тіл жағынан қарастыратыратын болсақ, еңбекте мәмлүктердің тілі қазіргі түркі тілдерінің қай тобына жақындығы көптігі жайлы зерттеу де жасалынған. Осы орайда Махмұт Қашғари мен Абу Хайяның еңбектерінен құнды тілдік деректер келтіреді. Авторы белгісіз болғанымен, маңыздылығы жағынан жоғарыда аталған еңбектерден кем түспейтін лингвистикалық еңбек ретінде «ат-Тухфа аз-закия фил луғатит туркийя» қолжазбасы да аталынып кетеді. Зерттеу жұмысында «ат-Тухфа» қолжазбасының лексикалық бірліктері қарашай-балқар тілдерімен салыстырылады (Происхождение мамлюков, 2004: 112):

ат-Тухфа аз-закия фил луғатит туркийя қолжазбасының бірліктері	қарашай-балқар тілдері
агур- ауыр	-ауур - ауыр
ал- алу	ал - алу
багур - бауыр	бауур - бауыр
бекли -жабу	бекле – жабу, қамау
бугдай - бидай	будай - бидай
хорла - қорылдау	хурулда - қорылдау
хар - бүтін	хар – әрбір
игне - ине	ийне – ине
иринчек - еріншек	эринчек – еріншек
соглук - денсаулық	саулукь - денсаулық

Жоғарыда берілген тілдік дәйектемелерді келтіре отырып, XIV-XV ғасырларда жазылған түркі сөздіктері барлық түркі тілдес халықтардың тілдік ескерткіштерінің қатарынан орын алады, еңбектердің тілін белгілі бір түркі тіліне жатқызу үлкен қателік болар еді - деген қорытындыға келеді. Әрине, тілдік бірліктерді қазіргі түркі тілдерімен салыстырсақ, барлық түркі тілдеріне тән тілдік элементтерді табуға болады.

Сонымен қатар, ғалымдар С.Е. Боранбаев, М.Е. Әлімбаев өздерінің еңбектерінде «Ат-Тухфа» ескерткішін дереккөз ретінде пайдаланған. М.Е. Әлімбаев «Ат-Тухфа» ескерткішінен жылқы атауына қатысты тілдік бірліктерімен жұмыс істеген (Konkabayeva, Avakova, 2016: 72-76).

Ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ әдебиетін зерттеген ғалым А. Әлібекұлы мәмлүктер заманында қыпшақ тілін үйретуге арналған сөздіктердің қатарында «Ат-Тухфа» ескерткішін де атап өтіп, «Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық» деген аударма беріп кеткен (Әлібекұлы, 2002: 41-42).

Бірнеше сөздіктерді атап отырып, мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған шығармаларды зерттеу – болашақтың ісі болмақ деген пікір айтады. Қ.А. Садықбеков мәмлүктер дәуірінде жазылған қыпшақ тіліндегі грамматикалық оқулықтар мен трактаттардың қатарында «Ат-Тухфа» еңбегін де атап кеткен. Зерттеу жұмысында өзі атап кеткен еңбектерді әлі де кеңінен зерттелуі тиіс деп көрсеткен (Садықбеков, 2015: 202-206).

Қазақ тілінде жазылған еңбектерде «Ат-Тухфа» ескерткіші «Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық» деп аударылып, қолданыста жүр. Соңғы жылдары, жас ғалымдар тарапынан да қолжазбаларды зерттеу қайта қолға алына басталды. Мәселен, Қ. Аубакирова өзінің «Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-араб мәдени тілдік байланыстары (XIII-XV ғ.)» атты диссертациясында мәмлүктер кезінде жазылған қолжазбаларға тоқтап, әрқайсысына қысқаша сипаттама берген. Соның ішінде «Ат-Тухфа» қолжазбасы да бар. Ізденуші Қ. Аубакирова қолжазбаның сөздік бөлімінде берілген кейбір лексикалық бірліктерді талдаған (Аубакирова, 2016).

Қыпшақ тіліндегі «Ат-Тухфа» қолжазбасы мәмлүктер билігі тұсында жазылған мұра болғандықтан кеңінен зерттеуді қажет етеді, бұл өз кезегінде ұлттық-мәдениеттің тарихын, рухани мұраны және түркі халықтарының араб-мұсылман өркениетіне қосқан үлесін терең тануға, пайымдауға мүмкіндік береді.

Қорытынды. «Ат-Тухфа» қолжазбасы ортағасырда жазылған Мәмлүк ескерткіштерінің бірі болып табылады. Тек лингвистикалық еңбек қана емес, сонымен қатар, мәмлүктердің тұрмыс-салты, мәдениеті, әдет-ғұрпы, шаруашылығы туралы құнды деректер береді. Ғылыми ортада танымал болған жылдардан бері батыс, түркі ғалымдарының қызығушылығын білдірген. Қолжазбаны зерттеу тарихнамасын сараптай келе, батыс ғалымдары қолжазбаның тіл бірліктерін өз тілдеріне әсерін не басқа ортағасырлық қолжазбалармен салыстыра қарастырған. ТМД, әсіресе Қазақстан зерттеушілері «ат-Тухфа» қолжазбасының тілін қандай түркі тілдеріне жақындығына көбірек назар аударады екен. Соңғы жылдары елімізде «Мәдени мұра» бағдарламасының шеңберінде мәмлүк ескерткіштеріне көп көңіл бөлініп, талданып, қарастырылып жатыр. «Ат-Тухфа» қолжазбасы ортағасырлық қыпшақ тілді ескерткіштер арасында өз орны, үлесі бар ауқымды лингвистикалық араб-қыпшақ ретінде еліміздің бағалы мұрасы болмақ.

Әдебиеттер тізімі

- Ahmet Turan Sinan. Kıpçak türkzesi bibliyografyası // Fırat ыiversitesi ilahiyat fakulltesi dergisi. Elazig, 2000. №5. S. 421-435.
- Atalay B. Et-Tuhfet – üz-zekiyye fil-lugat-it-tırkiyye. İstanbul, 1946. 296 s.
- Can Özgür. Kıpçak sahasına ait sözlük ve kaynaklarda at ve atçılıkla ilgili terminoloji. // Turkish Studies International Periodical For the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic . 2009. Vol. 4/4 Summer. S. 891-905.
- Ermers R. Arabic grammars of Turkic. Leiden, 1999. 229 p.
- Ishayahu L. Oirats in the Ilkhanate and The Mamluk Sultanate // Mamluk Studies Review, 2016. Vol. 19. P. 149-193.
- Konkabayeva N.N., Avakova R.A. Historical excursion of the medieval monument “at-tuhfa az-zakiyya fil lugat at-turkiyya” // VII International Conference "Global Science and Innovation". USA, Chicago, 2016. P. 72-76.
- Lăzărescu-Zobian Maria Mina. Kıpçak Turkic loanwords in Romanian: PhD diss. USA: Columbia University 1982. 438 p. 8506004.
- Salan M. Et-tuhfe ve onun Мьellifi // Dil Araştırmaları. 2012. №11. S. 185-195.
- Арынов Т.А. Лексико-семантические и стилистические особенности языка старокыпчакского памятника «Китаб Аттухфа аз-закыйа фил-луга ат-туркийа»: дис... канд. фил. н.: 10.02.06. Алматы: Академия наук Казахской ССР Институт языкознания, 1983. 152 с.
- Аубакирова К.К. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі – араб мәдени-тілдік байланыстары (XIII-XV ғ.): дисс. PhD докторы: 6D020900. Алматы, 2016. 181 б.
- Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 2010. 560 б.
- Әлібекұлы А. Орта ғасырлардағы мәмлүк-қыпшақтарының әдеби жазбалары // әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Хабаршы, Шығыстану сериясы. Алматы, 2002. №2 (9). Б. 41-42.
- Батырша-ұлы Б. Мысыр мамлүк мемлекетінің Дешті Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғасырлар. Алматы: Экономика, 2005. 652 б.
- Бегалин К. Мамлюки. Москва, 2012. 195 с.
- Гайнутдинова Г.Ш. Историко-лингвистический анализ тюрко-татарского письменного памятника XIV века Джамал ад-Дина ат-Турки «Китабу булгат ал-муштак фи лугат ат-турк ва-л-кифчак»: дисс...к.фил.н. 10.02.02. Казань, 2005. 168 с.
- Изысканный дар тюркскому языку (Грамматический трактат XIVв. на арабском языке). Ташкент: Фан, 1978. 452 с.
- Қазақ Совет Энциклопедиясы. Т.1. Алматы, 1972. 647 б.
- Қазақ тілінің шығу тарихы. Т.1., Екінші кітап. Алматы: «Алдоңғар» мәдениетті дамыту қоры, 2012. 348 б.
- Қайдар А., Оразов М.М. Түркітануға кіріспе. Алматы, 2004. 360 б.
- Наджиб Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулстан» Сейфа Сарай и его язык. Алма-Ата, 1975. Ч.1. 210 с.
- Происхождение мамлюков. Алматы: ИД «Кочевники», 2004. 240 с.
- Рахимова А.Р. XIV уу. Кıpçак Търкзесине Аит “Китаб-ет-тухфет үз-зекйе” Eserinin Sıçvarlığı ve İnsanı Nitelendirme Kelimeleri // III Халықаралық Түркі Әлемі Зерттеулері Симпозиумы. Вакі, 2016. S. 71-74.
- Садықбеков Қ.А. Мәмлүктер дәуірінде жазылған қыпшақ тіліндегі лингвистикалық шығармалар // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. 1 бөлім. Астана, 2015. №5(108). Б. 202-206.
- Сүйеркүл Б.М. «Ат-тухфа» ескерткіші /XIV ғ./ тіліндегі етістік категориялары /тарихи-салыстырмалы талдау/: дис... фил. ғыл. канд.: 10.02.06. Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 1999. 132 б.
- Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Қазақ тіл білімінің антологиясы. Павлодар, 2010. 412 б.
- Чайковская А.И. Тюркская грамматика в арабоязычных филологических трактатах XIII – XIV вв. (Глагол). Ташкент, 1981. 178 с.
- ص. 213. بس عید عبد الفتاح. العصر المملکي في مصر والشام. – القاهرة: الناشر، 1976. ص. 182. ات-توخفату زکيياتو فيل لوفاتيت توركياتي. İstanbul, №3092. 182 ص.

References

- Ahanov K. Til biliminin negizderi [Fundamentals of linguistics]. Almaty, 2010. 560 b. [in Kazakh]
- Ahmet Turan Sinan. Kıpçak türkzesi bibliyografyası [Bibliography of Kıpçak Turkish] // Fırat ыiversitesi ilahiyat fakulltesi dergisi. Elazig, 2000. №5. S. 421-435. [in Turkish]
- Alibekuly A. Orta gasyrlardagy mamlyuk-kypshaktarynyn adebi zhazbalary [Literary inscriptions of the Mamluk-Kıpçaks of the Middle Ages] // al-Farabi at. KazUU, Habarshy, Shygystanu seriyasy. Almaty, 2002. №2 (9). B. 41-42. [in Kazakh]
- Arynov T.A. Leksiko-semanticheskie i stilisticheskie osobennosti yazyka starokipchakskogo pamyatnika «Kitab Attuxfa az-zakiya fil-luga at-turkiya» [Lexico-semantic and stylistic features of the language of the Old Kypchak monument "Kitab Attukhfa az-zakiya phil-luga at-turkiya"]: dis... kand. fil. n.: 10.02.06. Almaty: Akademiya nauk Kazakhskoi SSR Institut yazykoznaniya, 1983. 152 s. [in Russian]
- Atalay B. Et-Tuhfet – üz-zekiyye fil-lugat-it-tırkiyye. İstanbul, 1946. 296 s. [in Turkish]

Aubakirova K.K. Mamlukter biligi kezindegi turki – arab madeni-tildik bailanystary (XIII-XV g.) [Turkic-Arab cultural and linguistic relations during the Mamluk rule (XIII-XV centuries)]: diss. PhD doktory: 6D020900. Almaty, 2016. 181 b. [in Kazakh]

Batyrsha-uly B. Mysyr mamlyuk memleketinin Deshti Kypshakpen baylanystary. XIII-XV gasyrlar [Relations of the Egyptian Mamluk state with Desht-I-Kipchak. XIII-XV centuries]. Almaty: Ekonomika, 2005. 652 b. [in Kazakh]

Begalin K. Mamlyuki [Mamluk]. Moskva, 2012. 195 s. [in Russian]

Can Özgür. Kıpçak sahasına ait sözlük ve kaynaklarda at ve atçılıkla ilgili terminoloji [Terminology related to horses and horsemanship in dictionaries and resources belonging to the Kipchak field] // Turkish Studies International Periodical For the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic . 2009. Vol. 4/4 Summer. S. 891-905. [in Turkish]

Chaikovskaya A.I. Tyurkskaya grammatika v araboyazychnyh filologicheskikh traktatah XIII – XIV vv. [Turkic grammar in Arabic – language philological treatises of the XIII - XIV centuries] (Glagol). Tashkent, 1981. 178 s. [in Russian]

Ermers R. Arabic grammars of Turkic. Leiden, 1999. 229 p. [in English]

Gainutdinova G.Sh. Istoriko-lingvisticheskii analiz tyurko-tatarskogo pismennogo pamyatnika XIV veka Djamal ad-Dina at-Turki «Kitabu bulgat al-mushtak fi lugat at-turk va-l-kifchak» [Historical and linguistic analysis of the 14th century Turkic-Tatar written monument of Jamal ad-Din at-Turki "Kitabu bulgat al-mushtaq fi lugat at-turk wa-l-kifchak"]: diss....k.fil.n. 10.02.02. Kazan, 2005. 168 s. [in Russian]

Ishayahu L. Oirats in the Ilkhanate and The Mamluk Sultanate // Mamluk Studies Review, 2016. Vol. 19. P. 149-193. [in English]

Izyskannyi dar tyurkskomu yazyku [An exquisite gift to the Turkic language] (Grammaticheskii traktat XIV v. na arabskom yazyke). Tashkent: Fan, 1978. 452 s. [in Russian]

Kaidar A., Orazov M.M. Turkitanuga kirispe [Introduction to Turkology]. Almaty, 2004. 360 b. [in Kazakh]

Kazakh Sovet Enciklopediyasy [Kazakh Soviet Encyclopedia]. T.1. Almaty, 1972. 647 b. [in Kazakh]

Kazakh tilinin shygu tarihy [History of the origin of the Kazakh language]. T.1., Ekinshi kitap. Almaty: «Aldongar» madenietti damyту kory, 2012. 348 b. [in Kazakh]

Konkabayeva N.N., Avakova R.A. Historical excursion of the medieval monument “at-tuhfa az-zakiyya fil lugat at-turkiyya” // VII International Conference "Global Science and Innovation". USA, Chicago, 2016. P. 72-76. [in English]

Lăzărescu-Zobian Maria Mina. Kipchak Turkic loanwords in Romanian: PhD diss. USA: Columbia University 1982. 438 p. 8506004. [in English]

Nadzhip E.N. Tyurkoyazychnyi pamyatnik XIV veka «Gulstan» Seyfa Sarai i ego yazyk [The 14th-century Turkic-speaking monument "Gulstan" of the Sarai Safe and its language]. Alma-Ata, 1975. Ch.1. 210 s. [in Russian]

Proishozhdenie mamlyukov [The origin of the Mamluks]. Almaty: ID «Kochevniki», 2004. 240 s. [in Russian]

Rahimova A.R. XIV yy. Kıpçak Tırkzesine Ait “Kitab-et-tuhfet üz-zekiye” Eserinin Sızvarlığı ve İnsan Nitelendirme Kelimeleri [The Dictionary of the Kipchak Turkish Work “Kitab-et-tuhfet üz-zekiye” and the Words describing a Person] // III Halykaralyk Turki Alemi Zertteuleri Simpoziumy. Baki, 2016. S. 71-74. [in Turkish]

Sadykbekov K.A. Mamlyukter dauirinde zhazylgan kypshak tilindegi lingvistikalık shygarmalar [Linguistic works in the Kipchak language written in the Mamluk era] // L.N. Gumilev atyndagy EEU Habarshysy. Gumanitarlyk gylymdar seriyasy. 1 bolim. Astana, 2015. №5(108). B. 202-206. [in Kazakh]

Salan M. Et-tuhfe ve onun Müellifi [Et-tuhfe and his Entourage] // Dil Araştırmaları. 2012. №11. S. 185-195. [in Turkish]

Suyerqul B.M. «At-tuhfa» eskertkishi /XIV g./ tilindegi etistik kategoriyalary /tarihi-salystyrmaly taldau/ [Monument "at-tukhfa" / categories of verbs in the language of the XIV century / historical and comparative analysis/]: dis... fi l. gyl. kand.: 10.02.06. Almaty: A. Baitursynuly atyndagy Til bilimi instituty, 1999. 132 b. [in Kazakh]

Tomanov M. Kazakh tilinin tarihi grammatikasy. Kazakh til biliminin antologiyasy [Historical grammar of the Kazakh language. Anthology of Kazakh linguistics]. Pavlodar, 2010. 412 b. [in Kazakh]

"التحفة الزكية في اللغة التركيبية" [The masterpiece of the Turkish language] at-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати. İstanbul, №3092. 182 ص. [in Arabic]

1976. س ع ي د ع ب د الف ت ا ح . ال ع ص ر الم م ال ي ك ف ي م ص ر و الش ا م . الق ا و ا ر ة : ال ن ا ش ر ، ص 213 [in Arabic]

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

Абусейтова М.Х. ВКЛАД ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРОГРАММ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «МӘДЕНИ МҰРА» («КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ»), «ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА» («НАРОД В ПОТОКЕ ИСТОРИИ»), «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ» «АРХИВ – 2025» В ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	5
Сайкенева Д.К., Ужкенов Е.М., Морякова М.Т. ГЕНЕЗИС ГОРОДОВ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ: ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИОГРАФИИ.....	17
Шакиева А.С. РЕСЕЙ ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ (1991-2021 жж.).....	25
Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х., Конкабаева А.Н. МӘМЛҰК КЕЗЕҢІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ «АТ-ТУХФА» ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХНАМАСЫ.....	35
Kubeyev R.Dzh., Murzakhodzhaev K.M. ON SOME TRADITIONALIST ASPECTS AND HISTORICAL PARALLELS OF MODERN KAZAKHSTANI NATION-BUILDING (HISTORIOGRAPHIC REVIEW).....	46

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

Бердыгужин Л.Б., Сарсенов А.С., Жумагулов Б.С. СТАНОВЛЕНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА: НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА ИСТОРИЮ.....	54
Маргулан А.С., Батырхан Б.Ш., Токмурзаев Б.С. ИСТОРИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ МОНГОЛЬСКОЙ ИМПЕРИИ В СРЕДНЕВЕКОВОЙ ЭНЦИКЛОПЕДИИ ШИХАБ АД-ДИНА АЛ-ОМАРИ.....	64

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

Қабылдинов З.Е., Тылахметова А.С., Оралова А.А. АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ҚЫТАЙДЫҢ ЦИНЬ ИМПЕРИЯСЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	73
Жүрсінбаев Б.А., Серікбаев Е.Қ., Калыгулова Ж.А. ҰЛЫ ЖҰЗ ПРИСТАВЫ ЖӘНЕ АЛАТАУ ОКРУГЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ.....	84
Сұлтанғазы Г.Ж. XIX-XX ҒҒ. АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ОТАР ҚАЛАНЫҢ САЯСИ КЕҢІСТІГІ ЖӘНЕ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ҚЫЗМЕТІ.....	94
Султанғалиева Г.С. ОТРАЖЕНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ КАЗАХСКОГО КОЧЕВОГО ОБЩЕСТВА В ДЕЛОПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ И ВИЗУАЛЬНЫХ ИСТОЧНИКАХ XIX В.....	104

Шалгимбеков А.Б., Шотанова Г.А. ВОЕННО-КРЕПОСТНЫЕ ЛИНИИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ ЮЖНОГО УРАЛА НА РУБЕЖЕ XVIII-XIX ВЕКОВ.....	114
---	-----

Ибраев Е.Е., Легкий Д.М., Табулденов А.Н. «ДАЛЬНЕЙШЕЕ НАБЛЮДЕНИЕ ЗА НИМ УСТАНОВЛЕНО». АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ ПОД НАДЗОРОМ ЦАРСКОЙ ОХРАНКИ (1907-1910 ГОДЫ).....	123
---	-----

Рустемов С.К., Бурханов Б.Б. ОРЫНБОР МҮФТИЛІГІНІҢ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ МЕН РӨЛІ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІ).....	134
--	-----

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Асанова С.А., Капаева А.Т. ГОЛОД 1921 -1922 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ, КАК СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНАЯ ТРАВМА.....	143
--	-----

Көкебаева Г.К., Стамшалов Е.И. ГЕРМАНИЯДАҒЫ КЕҢЕСТІК СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНАН ЖАСАҚТАЛҒАН ӘСКЕРІ БӨЛІМДЕР.....	151
--	-----

Zhakisheva S.A. PRO MEMORIA FOR THOSE WHO LEFT IRRETRIEVABLY: BIRMUKNAMED AIBASOV.....	159
---	-----

Қайыпбаева А.Т., Әбікей А.М., Оспанова Р.Р. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ НАУҚАНЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ.....	169
--	-----

Борчашвили И.Ш., Курманбаев Б.М. ИСТОРИКО-ПРАВОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИССЛЕДОВАНИИ НАСИЛЬСТВЕННОЙ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И ДРУГИХ ПОЛИТИЧЕСКИХ КАМПАНИЙ В ОТНОШЕНИИ КРЕСТЬЯНСТВА.....	180
---	-----

Шашаева М.Ә., Қозыбаева М.М. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1917-1930 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ «ӘЙЕЛ ТЕНДІГІ» МӘСЕЛЕСІ.....	189
--	-----

Кожирова С.Б., Быков А.Ю., Нечаева Е.Л. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ.....	197
---	-----

Абдильдинова Л.Б., Искакова Г.М. СОСТОЯНИЕ БЕЗРАБОТИЦЫ И БЕЗРАБОТНЫХ В РАЙОНЕ СТРОИТЕЛЬСТВА ТУРКЕСТАНО-СИБИРСКОЙ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ.....	207
--	-----

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Сиздиков Б.С., Жетібаев К.М., Гурсой М., Мургабаев С.С. XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫМЫ (ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫ НЕГІЗІНДЕ).....	217
---	-----

Бобров Л.А., Кушқумбаев А.К., Исмаилов Д. ЦЕЛЬНОКОВАННЫЙ ОЙРАТСКИЙ ШЛЕМ ИЗ СОБРАНИЯ АКМОЛИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКОГО МУЗЕЯ.....	229
---	-----

Kanatuly M., Adilbayeva A.S., Ercilasun K.

TOURISM OPPORTUNITIES FOR KAZAKHSTAN ON THE GREAT SILK ROAD.....237

Ишкалова Г.И.

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ АҢШЫЛЫҒЫНЫҢ ХАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ.....244

**Рецензия
Сын-пікір
Review**

Абиль Е.А., Кузембайұлы А.

ФЕНОМЕН ВЕЛИКОЙ СТЕПИ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.

РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ: ХАН ДЖУЧИ. ВЕЛИКАЯ СТЕПЬ.....255

Басуға 29.06. 2022 қол қойылды
Шартты баспа табағы – 12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Отан тарихы» журналының редакциясында басылды